

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың дамуы – өңірлік экономикадағы жаңа вектор

Кіріспе

Мемлекет пен кәсіпкерлік институттарының экономикалық дамудың әр кезеңіндегі қарым-қатынастарының тәжірибесі олардың конструктивтік өзара әрекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамудағы маңызды фактор болып табылатынын дәлелдеді. Соның нәтижесінде, кейінгі кезде көптеген мемлекеттердің үкіметтері өздерінің экономикалық даму дәрежесіне және нарықтық жағдайына қарамастан, мемлекеттік-жеке серіктестік механизмін жасау қажеттілігіне жүгінеді.

Мұндай қызметестік формасының қажеттілігі әсіресе, дәстүрлі мемлекеттің жауапкершілігіндегі салалар (көлік және әлеуметтік инфрақұрылым, тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығы) үшін маңызды. Мемлекет, әдеттегідей, экономиканың аталған секторларындағы өзінің басы-қасында болуынан толық бас тарта алмайды және белгілі бір қызмет немесе мүлік түріне бақылау жасауды сақтауға мәжбүрлі. Алайда, олардың құрамына кіретін объектілердің жұмыс істеу қабілетін қолдау және сақтауды қамтамасыз ету үшін, шығындарды республикалық және жергілікті бюджет есебінен қаржыландыру жеткіліксіз. Мемлекет пен жеке бизнес арасындағы ынтымақтастық формаларын жүзеге асырудан түсіп отыратын қосымша қаржы тарту қажет болатындығы осы мақаланың өзектілігін дәлелдейді.

Негізгі бөлім

Мемлекеттік-жеке серіктестік (МЖС), негізінен экономикаға қосымша ресурстарды тарта алатын мемлекет пен кәсіпкерлік секторының арасындағы тәуекелді қайта бөле алатын және кәсіпкерлердің күшін қоғамға маңызды әлеуметтік-экономикалық

мәселелерді шешуге бағыттай алатын мемлекеттің ажырамайтын өкілеттілігі мен функцияларын сақтауы ынтымақтастықтың оңтайлы нұсқасы болып отыр [1]. Ал, бизнес өз кезегінде, ірі инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға қатысып, өзінің қызмет көрсету аясын кеңейтеді. Инвестицияларды қайтару, алдын-ала келісілген пайызды есепке алуы мемлекеттің салықтық төлемдер есебінен немесе қандай да бір қызмет түрін тұтынушылардан алынатын төлем есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстанда мемлекеттік-жеке серіктестік институты өзінің белсенді қалыптасуын 2000 жылдардың ортасынан бастайды. Сол жылдары бірқатар арнайы заң актілері қабылданып, концессиялық жобалар бойынша алғашқы келісімдерге қол қойылды. Бүгінгі таңда, МЖС институтының дамуын дұрыс деп те, дұрыс емес деп те сипаттау орын алып отыр [2]. Жалпы алғанда, Қазақстандағы мемлекеттік-жеке серіктестік институты өзінің құрылуының алғашқы сатысын өтті және қазір еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында үлкен рөлге ие болып отыр. Бұл МЖС механизмінің қолданыс аясының кеңеюіне үлес қосады.

«Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар» (ӘКК) бұл – өндірістен және тауарлар мен қызметтерді сатудан табыс табу мақсатымен өз қызметін жүзеге асырып отырған тұрақты бизнес-құрылымдар. ӘКК-тің коммерциялық корпорациялардан негізгі ерекшелігі – табылған табыстың ӘКК құрылған аумақтардағы халықтың әлеуметтік, экономикалық немесе мәдени мақсаттарын жүзеге асыру үшін қайта-инвестициялануы». Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, 2006 жылғы ҚР Халқына жолданған үндеуінде алғаш рет

ӘКК құру ойы туралы айтқанда, дәл осы анықтама берілген болатын [3, 4].

Елбасының түпкі ойы бойынша, әр ӘКК дамудың өңірлік институты бола алады және ол елдің тиісті аумағында мемлекеттік активтерді басқарып отырған холдинг-компания түрінде құрылады. Осының нәтижесінде корпорацияның басты қызметі жаңа жобаларды тарту, кіші және орта бизнесті дамыту, кооперацияларды күшейту.

«Нәтижесінде ӘКК мемлекетке мемлекеттік қызметшілердің санының өсуі сияқты қиындық келтірмей, ірі жұмыс берушіге және елдің дамуының «локомотивіне» айналады», - деп қорытынды жасады Н. Назарбаев.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында Қазақстанның бірқатар аумақтарында жұмыс істеп жатқан әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың тармақты жүйесі құрылған. Олардың жүзеге асу сәтінен бастап өткен уақыт аралығында, олар айтарлықтай өзгерістерден өтіп үлгерді, басында барлық әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды жергілікті атқарушы органдардың қарамағына жіберу, содан кейін реорганизациялау және кейбір ӘКК бөлшектеу орын алған.

Қазіргі уақытта, жалпы ӘКК жұмыс істеп жатқаны және жақсы нәтиже беріп жатқаны туралы айтуға болады. ӘКК дамуына негіз болған ҚР Президенті Н. Назарбаевтың тапсырмасымен әзірленген әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құру тұжырымдамасы. Бұл идеяны жүзеге асыру әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды құру мен дамыту концепциясы мен механизмдерін талқыға салудан басталады. Негізге Американдық экономикалық даму корпорацияларының тәжірибесі, ағылшындық Аумақтық даму агенттіктерінің тәжірибесі, сонымен қатар Даниядағы Бизнесті дамыту орталығының тәжірибесі алынды.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар механизмдерінің ерекшелігін ескере отырып, Қазақстандағы ӘКК тұжырымдамасын құру барысында қолданылатын әлемдік тәжірибені жете қарастырайық.

АҚШ-да осындай құрылымдардың дамуы да корпоративті құрылымдарды құру принципі бойынша болған (экономикалық

дамудың аумақтық корпорациясы, аумақтық дамудың сертификацияланған корпорациясы, экономикалық даму бойынша корпорация. АҚШ-ғы экономикалық дамудың аумақтық корпорациялары мемлекеттің қатысуының аз ғана үлесі бар бизнес-көшбасшылар тобы құрған аумақтық корпорациялар. АҚШ-ғы мұндай корпорациялардың міндеті аумақтың экономикалық дамуына жәрдемдесу, сол арқылы халықтың жақсы тұрмысына жәрдем беру.

Данияда ӘКК ұқсас құрылымдар әлеуметтік кәсіпорындар деп аталады. Бұл кәсіпорындар кіші және орта бизнес өнімдерін солардың атымен сататын брендтер жасайды. Олардың ішіндегі аса белгілісі «Danon» сауда белгісі. Мұнда да американдық тәжірибедегідей, мемлекеттің рөлі өте аз. Данияда ӘК нарыққа қатысушылардың өздері құрады, үкімет тек олардың қызметіне ыңғайлы жағдайлар жасап отырады (салықтар, сыртқы нарыққа шығару мен қолдау).

АҚШ мен Данияның қазақстандық нұсқаға жақын құрылымдарды құру тәжірибесі толық мемлекеттің жанама қатысуы бар жеке бизнестің бастамасына негізделген деп айтуға болады. Бұл орайда, Аумақтық даму агенттіктерін құруда Ұлыбритания тәжірибесі тәжірибелі екен.

Ұлыбританиядағы Аймақтық даму агенттіктері (АДА) негізінен елдің белгілі бір аймағының экономикалық дамуына арналған ведомстводан тыс қоғамдық орган. Бұдан басқа, АДА халықаралық интеграциялық қызмет атқарады. Ұлыбританияның әр 9 аумағына бір АДА [5, 6].

АДА арнайы Актімен 1998 ж. құрылған, содан бері олардың құзырлығы кеңейіп келді. Алайда, 2010 ж. Ұлыбритания Үкіметі 2012 жылға қарай АДА-ны жою бойынша өзінің жоспарларын жариялады. Сол жылдан бастап барлық АДА жергілікті бизнес-серіктестіктерге (ЖБС) ауыстырылуы қажет болатын. Бұл Біріккен Корольдықтың бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында жасалды. Бұл факт көп нәрсенің басын ашады: АДА жалпы формасы кемшіліксіз емес екенін, ол даму мен қайта қарауды талап ететінін айтады.

Алайда, АДА тиімділігі жоғары болған, оған бұл құрылымдардың инвестициялар-

ының мультипликаторларының көлемі куә бола алады.

АДА елдің орталық үкіметінің алты департаментінің қаражаты есебінен қаржыландырылды. Олардың «Ортақ қазандық» деп белгілі болған Ортақ қор барлық жылдар бойы аз сомаларды құрады, жылына орташа есеппен 2-3 млрд фунттан аспайтын.

АДА-ның құрылымы өте қарапайым. Тоғыз британдық АДА-нің сегізі – бизнес, инновация және кәсіп департаментіне бағынады, тоғызыншысы – Лондондық даму агенттігі – тікелей Лондонның мәріне және Лондон Ассамблеясына бағынады. Әр АДА-н төраға және Департамент басшылығы тағайындайтын, 15 адамнан тұратын Кеңес басқарады. Лондондық даму агенттігінде тағайындауларды Лондон мәрі жүзеге асырады. АДА-н барлық төрағалары бизнесмендер болып табылады, Кеңес мүшелері – бизнес, жергілікті билік органдарының, кәсіподақ және қоғамдық ұйымдардың өкілдері. Күнделікті жұмыс тек атқарушы директор үшін ғана міндет болып табылады, оны Кеңес тағайындайды [7].

АДА-н қызметі үш бағытта жүреді. Біріншісі, көзделген мақсатқа тікелей қаржыландыру арқылы жету немесе қаржы қоры ретіндегі басқа ұйымдар арқылы жанама қаржыландыру арқылы жету. Екінші бағыт – өз қызметтеріне тарту үшін және оларды пайдаланып өз жоспарларын жүзеге асыру үшін басқа агенттерге ықпал етуді шамалайды. Үшінші бағыт – АДА өкілдерінің өз аумақтарының мүдделерін қорғай алатын орталық үкіметке ықпал етуімен байланысты. Бірнеше аумақтардың АДА-рі ортақ міндеттерді шешу үшін бірігеді. Бұндай АДА-тер біріккен қызметті үйлестіруге арналған орталық хатшылықты бірлесе қаржыландырады. АДА төрағалары бір-бірімен және федералды министрлермен экономикалық дамудың ұлттық артықшылықтарын талқылау үшін жиі кездесіп тұрады. Әр алты ай сайын АДА төрағасының біреуі барлық АДА кураторы болады.

Англияның тәжірибесі Қазақстанда жасалып жатқандарға көп көрім жақын, әсіресе 2012ж. бастап АДА қайта құрыл-

ғанын есептеу қажет. Тәжірибелерді талдай отырып, аймақтық даму агенттіктерін ұйымдастырудың үш моделін ерекше атап өтуге болады:

1. Бір орталыққа бағынған әлді бастамасы бар агенттіктер (Канада, Австралия);

2. Орталыққа бағынбайтын механизмдер басымдығы жоғары агенттіктер (АҚШ, Дания, Ұлыбритания)

3. Мемлекеттік корпорация және бизнес-серіктестік формасындағы агенттіктер (Қазақстан, белгілі дәрежедегі 2012 жылдан кейінгі Ұлыбритания).

Алайда, Қазақстанның экономикалық дамуының ерекшелігі өз түзетулерін енгізді, бұл аумақтардың экономикалық және әлеуметтік дамуына жәрдемдесудің қоғамдық корпоративті құрылымының бірегей үлгісін жасауға алып келді.

Аталған мемлекеттердің үлгісінен ерекшелігі: мемлекеттің корпорацияларға қатысуының формасы, ұйымдастырушылық-құқықтық құрылымы және қызметі. Өңірлік ӘКК құру Тұжырымдамасына сәйкес республикада мемлекеттің тікелей қатысуының моделі қабылданды, корпорация қызметін қаржыландыру мемлекеттік бюджет арқылы жүргізіледі.

Тұжырымдамамен мынадай негізгі функциялар белгіленді:

-билік органдарымен мемлекеттік меншік активтерінің бір бөлігін ӘКК меншігіне жер беру өзара қатынаста болу керек;

-мемлекеттік және жеке меншіктің берілген активтерін басқару;

-өнімдерді халықаралық нарыққа шығару;


-әлеуметтік жобаларды құруға және оны жүзеге асыруға қатысу;

-жеке отандық және шетелдік капитал қатысатын біріккен жобаларды жасау және жүзеге асыру;

Қазақстанда ірі бизнес-серіктестік формасын бірден енгізе бастады деп айтуға болады. Ұйымдастырушылық-құқықтық форма бойынша ӘКК коммерциялық емес типтегі корпорациялар ретінде құрылады, алайда аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын инвестициялау мен пайда табу мәселелерін шешуге арналған. Әлеуметтік-

кәсіпкерлік корпорациялардың коммерциялық корпорациялардан ерекшелігі-түскен пайданы өздерін құруға мүдделі болған аймақтардың әлеуметтік жобаларына реинвестициялауы. Бұл орайда әлеуметтік жауапкершілік деп бәсекеге қабілетті бизнесті жасау және жүргізуді, рентабельді емес кәсіпорындардың базасында жаңа өндірістер құру, мемлекет меншігін тиімді пайдалануды түсіну керек. Осындай әр корпорация кооперацияны нығайтуға жәрдем беретін аумақтық даму институты болуы керек.

Қазақстанның аумақтық даму институтының ерекшелігі – оның өзін федералды және жергілікті билік органдарымен өзара әрекеттесу регламенті мен белгілі мәртебесі бар арнайы агенттіктер ретінде көрсетуі емес, оның аумақтық кәсіпорындарды белсендендіру бойынша барлық жұмыстарды үйлестіретін белгілі бір холдинг болуында. Қазақстанның аумақтық даму институтының холдингтік үлгісі 1-суреттегі сызба арқылы берілген.



Сурет 1 – Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының холдингтік үлгісі

Ескерту: автормен құрастырылған

Холдингтік үлгі ұлттық корпорацияның әкімшілік ресурстарын және мемлекеттік-жеке серіктестіктің әртүрлі формаларын іске қосу үшін мейлінше икемді. Мұндай құрылым қызмет көрсетіп жатыр, бір ғана «Сарыарқа» ӘКК құрамына 10 еншілес кәсіпорын, 12 тәуелді және 17 орайласқан кәсіпорын кіреді [8].

Тұжырымдамада ӘКК-тің басым міндеттері болып келесі міндеттер анықталды:

- энергетикалық емес және шығарушы емес секторлардың жаңа нарықтарын дамыту;
- сауда белгісі мен зияткерлік меншік құқығы қорғалған тауарларды шығару үшін жағдайлар туғызу;
- фермерлік шаруашылықты дамыту;
- инвестицияларды тарту және жаңашылдықтарды енгізу;

-шикізат-көтерме сауда арқылы сатып алу есебінен өнімнің өзіндік құнын түсірудің маркетингтік базасын құру;

-өнімді қайта өңдеу қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарын енгізу.

Даму Тұжырымдамасында көрсетілген ӘКК қызметінің негізгі кезеңдерін және осыдан бес жыл бұрын алынған нәтижелерді талдай отырып, қазіргі таңда шетелдік әлеуметтік корпорациялардың негізгі қызметі болатын, аумақтағы бизнестің дамуына ықпал етуге емес, қызмет көрсетіп отырған бизнеске негізделген.

ӘКК маңызды қызметі – кластерлік бастамашылықты жүзеге асыру. Кластерлік бастамашылық кіші және орта бизнес саласының дамуының мемлекеттік саясатының негізі болуы керек. Кластерлік бастамашылықты орындау кіші және орташа компаниялардың күштерін біріктіру арқылы жүзеге асады. Бұл орайда, ӘКК негізгі мақсаттарының бірі – жобаларды жеке меншік құрылымдармен бірігіп, жүзеге асыру болып табылады. Алайда, ӘКК серіктестерді таңдауда әрекеттегі кәсіпорындарға артықшылық беріледі.

Қорытындылай келе, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мемлекеттік-жеке серіктестіктің дамуында маңызды рөл атқарады деп айтуға болады. Мұндай құрылымның аумақтық органдары әлемде жоқ болғандықтан, бұл ҚР Үкіметінің өзіндік әзірлемесі болып табылады. ӘКК-ға жер қойнауындағы байлықтарды пайдалану (Республикаға стратегиялық маңызы барларынан басқа), сонымен қатар мемлекеттік және коммуналдық кәсіпорындар мен инфрақұрылым нысандарының бірқатарын пайдалану құқығы берілгенін ескере отырып, ӘКК аумақ экономикасының дамуында елеулі әлеуетке ие болып отырғанын көруге болады [9, 10].

ӘКК қолданылып отырған құрылым (холдингтік құрылым) ӘКК экономика секторына еншілес кәсіпорын құру арқылы да, біріккен кәсіпорын құру арқылы да қатысуға мүмкіндік береді.

Осы орайда, ӘКК құру туралы негізгі құжатта қойылған мақсаттар, басқа елдердегі қызметі жағынан жақын құрылымдардың

мақсатынан ерекшеленетінін атап өткен жөн. Жалпы, ӘКК негізгі ерекшелігі мен оның МЖС рөлін жинақтайтын болсақ, негізінен оның қызметінің қолданыстағы бизнесті дамытуға бағытталғанын атап кету керек.

Мемлекеттік-жеке серіктестік тәжірибесінің табысты жүзеге асуы оның аумақтық деңгейде тиісті дамуынсыз мүмкін емес. Елдің әлеуметтік-экономикалық жүйесінің дамуының негізгі элементі ретіндегі, аумақтық ерекшеліктерді есепке алу және аумақты бөлу маңыздылығы кейінгі кезде өзекті болып отыр. Осыған байланысты, бизнес пен мемлекеттің ынтымақтастығының дамуына бағытталған даму институттарының жүйесін құру дұрыс қадам болды. Құрылған МЖС орталықтарымен салыстырғанда, әлеуметтік-серіктес корпорациялардың қызмет түрі көп және ынтымақтастықтың басқа түрлеріне бағытталған. Олар негізінен мемлекеттік органдар мен бизнес құрылымдары арасындағы жер асты байлықтарын өндіру, инвестициялық жобаларды бірігіп қаржыландыру, келешегі бар жобаларды әзірлеу сияқты мәселелердегі өзара байланыстың болуына көмектесетін құралға айналып отыр. ӘСК дамуындағы негіздеме болатын құжат болып, Қазақстан Республикасының

2020 жылға дейінгі Аймақтық даму Стратегиясына сәйкес әзірленген, 2006 ж. 31 мамырындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 483 қаулысымен мақұлданған, өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларын құру жөніндегі Концепция танылды. Құрылып жатқан ӘСК негізгі мақсаты мемлекеттік және жеке секторларды нығайту жолымен өңірлердің экономикалық дамуына ықпал ету, бірыңғай экономикалық нарық құру болды [11, 12].

Қорытынды

Жалпы, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация дегеніміз, бұл мемлекет пен бизнес құрылымдарының өзара әрекеттесуі жолымен мемлекеттік-жеке серіктестік идеясын жүзеге асыратын ұлттық компания. Ұйымдастырушылық-құқықтық формасы жағынан ӘСК коммерциялық емес түрдегі корпорациялар сияқты құрылады, алайда олар аумақтардың әлеуметтік-экономикалық

дамуын инвестициялау мен пайда табу мәселелерін шешуге икемделген. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың коммерциялық корпорациялардан айырмашылығы, олардың түскен пайданы мүддесі үшін құрылған аумақтың әлеуметтік жобаларына жұмсауы. Әлеуметтік жауапкершілік деп, тек пайданы әлеуметтік жобаларға инвестициялауды ғана атауға болмайды, сонымен бірге бәсекеге қабілетті бизнесті жасау мен оны жүргізуді, рентабельді емес кәсіпорындар базасында жана өндірістер құру, мемлекет меншігін тиімді қолдануды атауға болады. Әрбір осындай корпорация кооперацияны нығайтуға жәрдемдесетін өңірлік даму институтына айналуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Рау А.П. Социально-предпринимательские корпорации как новый инструмент регионального развития. // Вестник регионального развития. – 2007. – №3 (13). – С. 14-19.
2. Малелов Н.Т. Повышение роли социально-предпринимательских корпораций в инвестировании агропромышленного комплекса регионов. // Вестник регионального развития. – 2010. – №2 (24). – С. 41-46.
3. Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 мая 2006 года, № 483 «О Концепции создания региональных социально-предпринимательских корпораций». – <http://online.zakon.kz/>
4. Указ Президента Республики Казахстан от 13 января 2007 года «О мерах по созданию и обеспечению деятельности социально-предпринимательских корпораций». – <http://online.zakon.kz/>
5. Официальный сайт региональных агентств развития Великобритании <http://www.englishsrds.com/>
6. Regional development agency http://en.wikipedia.org/wiki/Regional_development_agency
7. Балацкий Е.В. Агентства регионального развития и их особенности: международный опыт. – М.: Капитал страны, 2012. – 247 с.
8. Стратегия развития акционерного общества «Национальная компания «Социально-предпринимательская корпорация «Сарыарка» на 2014–2023 годы». Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 5 августа 2014 года, № 887.
9. Taubayev A.A., Doskaliyeva B.B., Akyenov S.Sh. The role of the social-entrepreneur-

ship corporations in Kazakhstan in the development of the public private partnership mechanisms. – // Вісник Київського національного університету імені Тараса Шевченка. ЕКОНОМІКА. – 2016. – №6 (183). – С. 15-22.

10. Фернандез-Грела М., Таубаев А.А., Малелов Н.Т., Жайлауов Е.Б. Роль социально-предпринимательских корпораций в Казахстане в развитии механизмов государственно-частного партнерства // Вестник КарГУ. Экономика. – 2016. – № 3(83). – С. 125-133

11. Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 декабря 2007 года № 1403 «О некоторых вопросах социально-предпринимательских корпораций». – <http://online.zakon.kz/>

12. Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 марта 2010 года, № 266 «О вопросах социально-предпринимательских корпораций». – <http://online.zakon.kz/>

References

1. Rau A.P. (2007). Social'no-predprinimatel'skie korporacii kak novyj instrument regional'nogo razvitiya. – // Vestnik regional'nogo razvitiya. – №3 (13). – S. 14-19. (in Russian).
2. Malelov N.T. (2010). Povyshenie roli social'no-predprinimatel'skih korporacij v investirovanii agropromyshlennogo kompleksa regionov. – //Vestnik regional'nogo razvitiya. – №2 (24). – S. 41-46. (in Russian).
3. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 31 maya 2006 goda № 483 «O Konceptcii sozdaniya regional'nyh social'no-predprinimatel'skih korporacij». – <http://online.zakon.kz/>(in Russian).
4. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 13 yanvary 2007 goda «O merah po sozdaniyu i obespecheniyu deyatel'nosti social'no-predprinimatel'skih korporacij». – <http://online.zakon.kz/>(in Russian).
5. Oficial'nyj sajt regional'nyh agentstv razvitiya Velikobritanii <http://www.englishsrds.com/>
6. Regional development agency http://en.wikipedia.org/wiki/Regional_development_agency
7. Balackij E.V. (2012). Agentstva regional'nogo razvitiya i ih osobennosti: mezhdunarodnyj opyt. – M.: Kapital strany. – 247 s. (in Russian).
8. Strategiya razvitiya akcionernogo obshchestva «Nacional'naya kompaniya «Social'no-predprinimatel'skaya korporaciya «Saryarka» na 2014 – 2023 gody. Utverzhdena postanovleniem Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 5 avgusta 2014 goda № 887. (in Russian).
9. Taubayev A.A., Doskaliyeva B.B., Akyenov S.Sh. (2016). The role of the social-entrepreneurship

corporations in Kazakhstan in the development of the public private partnership mechanisms. – //Visnik Kiivs'kogo nacional'nogo universitetu imeni Tarasa Shevchenka. EKONOMIKA. – №6 (183). – S. 15-22. (in Russian).

10. Manuehl' Fernandez-Grela, Taubaev A.A., Malelov N.T., ZHajlauov E.B. (2016). Rol' social'no-predprinimatel'skikh korporacij v Kazahstane v razvitii mekhanizmov gosudarstvenno-chastnogo partnerstva. – //Vestnik KarGU: Seriya «EHkonomika». – №3(83). – S. 125-133. (in Russian).

11. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 29 dekabrya 2007 goda № 1403 «O nekotoryh voprosah social'no-predprinimatel'skikh korporacij». – <http://online.zakon.kz/>. (in Russian).

12. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 31 marta 2010 goda № 266 «O voprosah social'no-predprinimatel'skikh korporacij». – <http://online.zakon.kz/>. (in Russian).

Түйін

Қазақстанда мемлекеттік-жеке серіктестіктің маманданған институттарының бірі әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың құрылу және қызмет атқару ерекшеліктері қарастырылған. Пайымдас ұйымдардың шетелдік құрылу тәжірибесін қарастыру негізінде олардың қызмет атқару артықшылықтары мен мәселелері айқындалған. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қазақстандық үлгісі коммерциялық емес корпорация түрінде құрылғанымен, пайда табу мақсаттарын көздеп, түскен табысты өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына инвестициялау міндеттерін шешуге бағытталған. Өңірлік даму институттары дамуының әлемдік тәжірибесін жалпылау негізінде, Қазақстандағы әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың дамушы елдерге тиісті соңғы даму үлгісінде бизнес-серіктестік формасында құрылуы анықталған. Бұл ерекшелік, бір жағынан, біздің әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға алдыңғы қатарлы тетіктерді қолдануға мүмкіндік берсе, басқа жағынан, эволюциялық емес түрде жедел соңғы сатыға көшу олардың оперативті функционалы үшін белгілі бір шектеу болып табылады.

Түйін сөздер: мемлекеттік-жеке серіктестік, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар

Аннотация

Рассмотрены особенности создания и функционирования в Казахстане специализированных институтов государственно-частного партнерства – социально-предпринимательских корпораций. На основе изучения зарубежного опыта создания аналогичных организаций определены преимущества и проблемы их функционирования. Казахстанская модель социально-предпринимательской корпорации представляет корпорацию некоммерческого типа, однако призвана решать задачи извлечения прибыли и инвестирования в социально-экономическое развитие регионов. На основе обобщения мирового опыта развития региональных институтов развития определено, что социально-предпринимательские корпорации Казахстана созданы в конечной форме бизнес-партнерств, характерных для развитых стран. Данная особенность, с одной стороны, позволяет отечественным социально-предпринимательским корпорациям применять передовые механизмы, но, с другой стороны, резкий неэволюционный переход к конечной стадии выступает определенным ограничителем их оперативного функционала.

Ключевые слова: государственно-частное партнерство, социально-предпринимательские корпорации.

Abstract

The article considers the peculiarities of creation and functioning in Kazakhstan of specialized institutions of public-private partnership - social-entrepreneurial corporations. Based on the study of foreign experience in creating similar organizations, the advantages and problems of their functioning are determined. The Kazakhstan model of a socio-entrepreneurial corporation is created as a corporation of a non-commercial type, but it is designed to solve the problems of extracting profits and investing in the social and economic development of the regions. Based on the generalization of the world experience in the development of regional development institutions, it is determined that the socio-entrepreneurial corporations of Kazakhstan are created in the final form of business partnerships, characteristic of developed countries. This feature on the one hand allows our socially-entrepreneurial corporations to use advanced mechanisms, but on the other hand, a sharp non-evolutionary transition to the final stage is a definite limiter of their operational functionality.

Keywords: public-private partnership, social-entrepreneurial corporations.